

Павлодар қаласы әкімінің 2025 жылғы 23 маусымдағы "Павлодар қаласының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" № 12 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Павлодар қаласы әкімінің 2025 жылғы 1 желтоқсандағы № 24 шешімі

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес және жергілікті ауқымдағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайдың толық жойылуына байланысты Павлодар қаласының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Павлодар қаласы әкімінің "Павлодар қаласының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" 2025 жылғы 23 маусымдағы № 12 шешімінің күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 211514 болып тіркелген).

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Павлодар қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Х. Хабылбеков